

"Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы № 202 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі № 220 шешімі. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 тамызда № 9-4-149 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2009 жылғы 28 қыркүйектегі № 239 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2009.09.28 № 239 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы № 202 мәслихаттың шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-144 болып тіркелген, 2009 жылғы 4 маусымда № 23 " Лисаковская новь" газетінде жарияланған, бұрын мәслихаттың "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы № 202 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2009 жылғы 22 маусымдағы № 207 шешімімен өзгеріс енгізілген, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-146 болып тіркелген, 2009 жылғы 9 шілдеде № 28 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған), мынадай толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері – 25 теңге.";

көрсетілген шешімге 1-қосымша мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

4.	Бесінші шағын ауданындағы 3 санатты әмбебап шағын базары	Өнеркәсіп және азық-түлік тауарларын сату	Бір орны сауда	25
5.	Алтыншы шағын ауданындағы 3 санатты "Сауда үйі" әмбебап базары	Өнеркәсіп және азық-түлік тауарларын сату	Бір орны сауда	80".

2. Осы шешім оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XI сессияның төрағасы

Ю. Шаврин

Қалалық мәслихатының хатшысы

Т. Кривошея

КЕЛІСІЛДІ

*"Лисаков қаласы бойынша салық
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____ М. Уржанов*

24.07.2009